

“СЫРТТАН КІРІП КЕЛЕТІН, ЖАТ АҒЫМНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНЕ КЕРІ ӘСЕРІ”

Миралиев Диана Нұрмуханқызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

Кошанова Нилуфар

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті оқытушысы

АННОТАЦИЯ

Мақалада, бейжай, сырттан кіріп келетін, жат ағымның кері әсері жайында сөз өрбиді. Яғни кез келген халықтың басына төнген дауы. Әр бір жастың сана сезімін, ақыл-ойын ұлап, үлкен мәселе туындатады, күрделі мәселенің қазақ халқын айналып өтеген рас. Сол себепті де, осы бір күрделі мәселеге тоқтала өтуді жөн көрдік. Әр бір іс тек ұлттың, халықтың 7 үшін.

Кілт сөздер: Жат ағым, тән азығы, ұлт болашағы, Қазақ халқы, кері әсер, рухани азық, атақ-абырой, алмағайып заман, ақпараттық шабуыл, ұлау.

THE CURRENT KAZAKH PEOPLE REFUSE TO CULTURE”

Abstract: In the article, indifferently, from the outside Keller, talk about the negative impact of internal affairs. That is, the conflict that affects the mind of a young person. It creates a big problem, it is true that the Kazakh people are bypassed by the complex problem. That’s why we decided to focus on this important issue. Each Kot words only for the future of the nation and the people.

Key word’s: The flow of blood, the food of the nation, the future of the Kazakh people, negative influence, spiritual nourishment, traditional honor. Unauthorized land, computer attack, poisoning.

*Адам баласына материалдық қажеттілік қаншалық керек болса,
Рухани байлықтардың орны да соншалық маңызды. Ішіп-жеумен тәнді
азықтандыру сияқты, жанның да қорегі болады. Ол – ілім-білім, наным
сенім.*

(Абай Құнанбайұлы)

Кіріспе бөлім:

«Әлеуметтік желі, оқырман, көрермен, қаралым саны» міне, бұл сөздер бүгінгі күннің тірек сөзі деуге болады. Бұрын сөзіміздің көркі мақал болса, бұл күнде осы сөздер. Иә, дұрыс заманға сай өмір, бірақ, атам қазақ «таяқтың екі ұшы болады» дегеніндей екінші ұшы, кері әсері бізді, қазақты қайда алып баражатыр? қайда алып барады, ұлттың мәдени мұрасын, қайда алып барады, ұлттық құндылығымызды? Жоққа, иә жоққа, тіпті қазақилығымызды жоққа алып бара жатыр емес пе?

Негізгі бөлім: Мәдениет – бұл өте күрделі, көп деңгейлі жүйе. Мәдениетті оның жеткізуі бойынша бөлеміз, әлемдік және ұлттық мәдениетті бөлу. Әрбір мәдениет этносқа, халыққа қатысты болады, ұлттық болып табылады. Алайда осы мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар бар.Ежелгі заманда мәдениеттің этноұлттық сипаты бойынша екі қарама-қарсы тенденция пайда болды: этноцентризм және космополитизм. Біріншісіне сәйкес қандай да бір этнос өзінің мәдениетін үлгі мен эталонның кейбір үлгісі ретінде қарастырады, оны басқадан жоғары қояды, басқа мәдениеттерді сенімсіз немесе өшпенділікпен, кейде ксенофобия, не басқадан қорғау түрінде қабылдайды. Екінші тенденция үшін өзінің этносы мен елінің шеңберінен шығып, әлем азаматы болуға тырысу керек. Бұл жағынан космополитизм патриотизмге қарама-қарсы болады.

Адам баласы өмірінің басты мақсаты-ол мәдениет ұстындарына сүйене отырып, өзінің бойындағы қасиетті дайекті де тұғырлы етіп, тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір институт болып табылады. Ал соңғы онжылдықта, көп деңгейлі және көп мағыналы болып табылатын осы осы мәдениет феноменіне өскен қызығушылық себептерінің бірі қазіргі кездегі қоғамдық өмірде дәйексіздік, тұрақсыздық, тиянақсыздық, негативтілік сияқты белгілердің біршама орын алғандығанан деп білуге болады. Бүгінгі таңда қоғамда айқын көрінетін мына жағдайлар-ақпараттық шабуыл, әлеуметтік желінің кері әсері, жастарды ұлау, сана-сезімін ластау, ата-ана мен баласы арасындағы түсініспеушілік, олардың арасындағы дау-жанжалдар, ащамдардың бір-біріне сенімсіздік білдіруі, бір мемлекеттік азаматтары бола тұра, ұлтқа, нәсілдікке, діни ұстанымға бөлінуі, бір-бірін белгілі бір себепсіздіктен жек көру, т.с.с. негативті бейсаналыққа, эмоцияларға негізделген келеңсіздіктер қоғам, мемлекет, әлем өмірінде, қазақ ұлтында орын алып келуде.

Мұның себебін іздеп, анықтап алудың кезі әбден келді деуге болады. Ал қоғам өміріндегі мәдениет функцияларының бірі – бұл реттеу (немесе нормативті) функциясы. Оның негізгі мәні – адамдардың қоғамдық, жеке әрекет түрлерін реттеу. Мәдениет мораль мен құқыққа негізделе отырып, адамдардың

мінез-құлқына, дінімізге күмән келтіріп, кері ықпал етеді. Бұл жайтты көпті көріп, ұзақты болжай алатын, сопылық дүние танымның негізін қалаушы, әулие Қожа Ахмет Йассауиде өз жырына қосқан екен.

Ораза, намаз, иман, ислам қолдан кеті,
Күннен күн бетер деген хадис жетті.
Пайғамбар айтқандары келіп жетті,
Бұл дүниені қараңғылық басты, достар.

Ғалымдар бар ілімін малға сатты,
Көріп, біліп, өздерін отқа атты.
Өзі амал қылмай, халыққа ілім үйретті,
Дүние үшін діндерін сатты, көргін.
Ұстаз, дінсіз құлдар болды хакім,
Мемендік дүкенін ашып, болды залым,
Халық ішінде қор болды дәруіш ғалым,
Көпшілігі халықтың кәпір болды, көргін.
Дінсіз ұстаздарға еш қауіп жоқ.
Дүние малын жиып, еш тояры жоқ.
Ұшып, қонып, өлімнен еш хабары жоқ.
Ол жанның дүние діні болды көргін!

Сонымен, мәдениет ұғымы бір жақты да емес, бір сатылы да емес болып табылады. Мәдениет түсінігі аясына жеке адамға, қоғамға, халыққа, ұлтқа, мемлекетке және Әлемге қатысты мәдени позициялар жүйесі енеді. Және айтып кететін бір нәрсе, мәдениетті анықтаудағы үш көзқарасты қолдана отырып, зерттеуші соған тән барлық үдерістерді толық қарастыра алады: тарихи (уақыттылық) – қандай да бір мәдени құбылыстардың өмір сүруінің уақыты және орны; формальды-функциональды (уақыттан тыс) – мәдениеттің қызметі мен құбылыстарын талдау, олардың уақыттан тыс, қайталанатын және кері түріндегі үдерістерін, интеграция мен дезинтеграцияны түсіну; формальды-уақыттылық үдеріс, әдетте, мәдениеттің өсуі немесе дамуы деп атайды – бұл мәдени жүйенің әр уақытта өзгеруі, бір форма алдыңғы формадан шығуы және келесі бір формаға айналуы. Бұл үдерістің шеңберінде өзгерістер жеке құбылыстармен емес, мәдени құбылыстардың сыныптарымен болады.

Осы бір жағдайларға жол беріп, қолдан келер қайран жоқ деп отыруымыздың себебі, қазақ бола тұра, әл-Фараби мен Абайды, Шәкәрім мен Алаш ардақтыларын танымағандықтан, өзгенің қаңсығын таңсық көріп, ақыры аяғында адасып, опық жеп жатқандарға жаның ашиды. Пиғылы арам арандатушылар «құрбандарын»: рухы әлсіз, сөзге сенгіш, бұйрыққа көнгіштерін сырттан бақылап, деструктивті ақпаратпен сусындатып, өзіне бағынышты әскер

етеді. Осылайша, өзімізде бар асылдың тереңіне үңіліп те үлгерместен жаттың жетегінде кетіп жатқандар қаншама?! Ал біреудің қолшоқпары болмау үшін жан азығын сырттан емес, өзімізден іздеуді үйрену керек. Осы тұста, әсіресе, дін мәселесіне келгенде, көпшілік бар ақпаратты шегараның сыртынан алуға құмар. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас... Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» деп жырлаған Абайдың қай шығармасын алсаңыз да, Алланың хақ жолын, имандылық, әділдік пен ізгілікті, махаббатты, ғылым-білімді жырлайды. Бұл бір алмағайып заманнан, өтпелі кезеңнен аман өтіуіміз үшін, ең алдымен өз өзімізді, ата қазақты, дана-дара ақын, жарау, жыршылардың өзін, сөзін танып алуымыз, керек.

Қорытынды бөлім: Барша халықтың өміріне, сонымен қатар қазақ халқына, жастардың қоғамдық дамуына үлкен тосқауыл болатын, сонымен қатар, бүкіл қоғамды ұлайтын амал тәсілдер, сырттан келетін жат ұғымдар, кері әсері бұл күнде өте көп. Оларды ұйымдастырып отыратын үлкен үлкен топтарда жоқ емес. Кәзіргі таңда көптеген меселерді қолдан жасайтын кезең, иә біз адамдар өзіміз осы бір жағымсыз дүниелерді өз қолдарымызбен жасап жатырмыз. Бірақ неліктен, не себеп, ешкімге белгісіз, көздегендері бір ғана жауыздықпа деген сұрақ әрбір жанның көкейінде туындауы әбден мүмкін. Не дегенмен, әр бір түйіннің шешуі болатынындай, әр бір мәселенің шешімі болады. Бұл бір жағдайды шешімі, мына біз өзіміз, көзі ашық көкірегі ояу адамдар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ(REFERENCES)

1. Тұрсын Ғабитов, Қайрат Затов «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» Алматы 2010
2. Тұрсын Ғабитов «Мәдениеттану» Алматы қаласы
3. Құралай Мұратқызы «Абайдың жолы адастырмайды» Алматы 2020 4 тамыз
4. Н. Қазбекеов «Мәдениет және мәдениеттанулық концепциялар» Қарағанды «Болашақ» баспасы 2003